


15232

Б 88

ҚАНИПА БҰҒЫБАЕВА


КОҢЫР ЖЕЛ



ҚАНИПА БҰҒЫБАЕВА

КОҢЫР
ЖЕЛ

ӨЛЕНДЕР



АЛМАТЫ «ЖАЛЫН» 1988

**84Каз7—5
Б 88**

Пікір жазғаң ~~Ж~~ Се~~р~~ік Тұрғынбеков

Бұғыбаева Қанипа.

Б 88 Коңыр жел: Өлеңдер.— Алматы: Жалын, 1988.— 192 бет.

Ақын жана кітабында да өзінің қалыптасқан мәнерінен айнымай, оқырмандарын оңаша сырласуға шақырады. «Коңыр желдің» алғашқы екі бөліміне Отан, тұған жер, азаматтық парыз жеңіндегі өлеңдері, адам жаны мен табиғат құбылыстарын астастыра суреттеген лирикалары топтастырылса, жинақтың үшінші бөліміндегі жырлар жастық шак, махаббат тақырыбына арналған.

К. Бұғыбаева өлеңдері оқырмандарын ерлікке, сұлулыққа, тазалыққа, адамгершілік парасатқа үндейді.

**Б — 4702230200—93
— 408(05) 88 — 157—88**

84Каз7—5

ISBN 5—610—00157—9

 «Жалын» баспасы, 1988

БІРІНШІ БӨЛІМ



* * *

Жүрек — бұлбұл болғанда, халқым — орман,
Шам жағады жолыма жарқын арман.
Ұшып-конып сайраймын бұтағында,
Айтар әнін мен емес сарқып алған.

Кол бұлғайды болашақ әр күн алдан,
Даусың барда бақыт қой шалқып алған.
Мен аспанның сәулелі қуат-күшін
Қара жердей бойыма тартып алғам...

ТУҒАН ЕЛ

Көз алдында биігім мен еңісім,
Өз алдында көкжиегім кеңісін.
Мақтанышың болмасам да, туған ел,
Өмір сүріп жүргендеймін сен үшін.

Ескермеймін аздығын да күшімнің,
Сен арқылы өмір сырын түсіндім.
Құлағыңа маза бермей шырылдаң,
Ұшып-қонған бағындағы құсыңмын.

Бар көктемнен ерекше бұл көктемің,
Көз алдында бүгінім мен өткенім.
Қуанайын, өкпелейін — бәрібір,
Сенен басқа барап жерім жоқ менің.

Кол соғасың дауысымды сен тыңдаң,
Саған деген сезімім жүр еркімді ап.
Топырағыңа бауырымды басып бір,
Шырт үйқыдан оянамын солқылдаң.

Туған елім, көңіліңе құмармын,
Сыр алдырмай сынағыңа шыдармын.
Биіктеген бәйтеректің басынан
Жапырактай сырлар шертіп тұрармын.

Ыстық-суық басқа талай туар күн,
Өз күніңің нұрымен бет жуармын.
Қай кезде де бірге өзіңмен тыныстап,
Қай кезде де бірге өзіңмен қуандым.

Бір өзіңсің сүйенгенім, сенгенім,
Жыр отың бол жанып тұрдым, сөнбедім.
Тебіренген сэттерімде, туған ел,
Көкірегіме сыйып кеттің сен менің.

**Айналайын, тұған елім, еңсөлім,
Ойда жоқта оғын сілтеп келсе өлім,
Жұлдызды бір жапырақтай көгіңен
Құшагыңа құларым хақ мен сенің...**

* * *

Сыртта нең бар?

**Тұғырға қон, жүрегім,
(Елегзідің, несіне елжіредің?)
Күткендей бол біреуді әлсін-әлсін,
Жолға қарап, жаутаңдаң телміремін...**

**Өзіңе өзің туламай кел, жүрегім,
Әміріңе әлім жоқ енді менің.
Сағынған жан мені іздең келер деген
Үміт отын қалайша сөндіремін?**

**Аспан, жермен, таулармен, теңізбенен
Тамыры бір тағдырлас егіз денем.
Бойындағы тартылыс қуатымен
Бар сияқты бір жұлдыз мені іздең.**

**Кез алдында үршықтай тұрды құйын,
Қай жаққа ауып кетті екен жыр киігім?
Шырқауына жететін қиял ғана
Бар сияқты оқ жетпес бір биігім.**

**Жолдағандай сәлемге таулар гүлін,
Жемарттығын көрсетіп, заңғарлығын.
Шабыт болып мені іздең келетүғын,
Бар сияқты аңсаған арман жырым.**

**Өңім екен деп қалам түсімді мен,
Түсімді мен кімге айтып түсіндірем?
Айналып бір қос қолым қос қанатқа,
Көк аспанда қалықтап ұшып жүрем.**

**Ұшып жүрем, бәлкім, бір жол жүремін,
Жол үстінде жолығар бар бір өмір.
Кеңдікті аңсал бұлқынған құс жүректі
Қалыпқа бұл мен қайтіп көндіремін?**

**Үміт отын қалайша сөндіремін,
Бір айналып әлемді кел, жүргегім!
Ей, адамзат! Жер түгіл аспанменен
Тағдырым бір сияқты енді менің!**

* * *

Арманың алтын орда аш менен,
Ошпейтүғын жазайын бір тасқа өлең.
Шу-шу етіп жапырағы қол соқсын,
Күэ болып жылдарменен жасты емен.

Көкірегімнен ерке, мөлдір бұлақты аш,
Сол бұлақтай тау басынан құлап қаш.
Айна болып ай-жұлдызға айт барып,
Сапарласым, замандасым мұраттас.

Атқылатып жан-жүректің аш кенін,
(Асылдарын аспанға атсын жас көңіл)
Біз арқылы жаңғырсын да түлесін,
Зыр айналған жұмыр жермен жасты өмір.

Жүрек — сағат, іске қосып сыртылдат,
Сыртылынан ертеңгіге сыр тындат.
Қара жерден қазынаның барлығы
Қайнап шығып жата берсін бүркүлдап.

Таңғы күндей гүлдерімнің аш бәрін,
Қара бұлтты жамылмасын аспаным.
Қалғып кетсем, қозғап оят, бүгіннің
Жазып беріп кетейін бір дастанын.

Әлемге бір қатайынши асқақ үн,
Оят мені уақытпен қас қағым.
Шыққан күнде болмайды ғой шекара,
Шекараның тілін тауып аш бәрін.

Ақын — аққу, оған мылтық оқталмас,
Оның тілі тіліп түсер отты алмас.
Көңілімнен бұлбұлымды сайратып,
Өмірімнен мәңгі жасыл көктемді аш!

**Сен мені іздең сапарға шық, тауларды ас,
Гүл бол шықсын жанарымнан тамған жас.
Жарық болып қара күннің қойнынан,
Армандастым, алаулаған таңдарды аш.**

**Ғасырласым, болсын ашық аспаның,
Аспаның тақсын жұлдыз шашбауын.
Дүниенің кілтін тауып, аш бәрін,
Әтінемін, тек соғысты ашпағын!..**

**Армандастым, сен ұқпасаң, жат ұқпас,
Алдандырмас алтын, гауһар, жақұт тас.
Менің мынау өлеңімнен өлмейтін
Мәңгілікті аш, ғасырларды аш, уақытты аш!**

ШОҚАН

**Таң шолпанға қарады ел сен екен деп,
Келер әлі айналып мөрекең көп.
Сүйгендіктен ойладың өз елінің
Терезесін өзге елмен тең етем деп...**

**Табиғаттың табиғат болар тілі,
Әр жүректің қияға қонар күні.
Сен шығысты танытсан батыс жаққа,
Біз батысты таныппыз сен арқылы.**

**Озық ойлы ұл бопсың, санаң жарық,
Жаздың баба тарихын қаламды алыш.
Шығыс танып зерттедің Тянь-Шаньды,
Бірақ сені зерттеп біз бола алмадық.**

**Жанарынан жыр жазам үшқын алыш,
Үшқыныңды қанша қыз құшты жанып.
Отызында «қүйрықты жұлдыз» болыш,
Жүргегіне елінің түстің ағып.**

**Әлі қанша алдында тосып түр сын,
Сапарынан сені кім кешіктірсін.
Сүйген қызың жерінде Айсараның
Ескерткіш бол өлмestен өсіп тұрсың...**

**Шоқан дейді, Шолпанмен жаңғырып күн,
Сабақтасың сәулесін таңғы үміттің.
Европа мен Азия арасына
Тартып кеттің құс жолын мәнгіліктің!**

АБАЙҒА

Абайға мен қараймын, Абай — маган,
Өткір, ойлы көзбенен аbaiлаған.
Құлағыма келеді қоңыр үні:
«Барасың сен,— дегендей,— қалай, балам?»

«Абайла»,— деп қарайды Абай маган,
Қадам сайын қайтсем сақ, абай болам?
Ойлар кешкен басымнан керуен көшіп,
Өтіп кеткен сияқты талай заман.

Тақиялы, тәкаппар, таныс тауым,
Арман болып жақындаپ, алыстадың.
Ақындарға ақылдан алтын көпір
Салып беріп кеткен бір данышпаным!

Атақ емес, адамсың ар ойлаған,
Атынды естіп, әр күнмен арайланам.
Алға қарай бір қадам басқан сайын
Секілдісің артыңа қарайлаған.

Ашыныпсың «жұртқа» сөз тындаған,
Жерге де алаң болыпсың, күнге де алаң,
«Соқтықпалы соқпақсыз жерде өсіп,
Мыңмен жалғыз алысқан жұмбак адам...»

Жалғыздықтан жалықсан, болмай күйің,
Шартаралты шырақ боп шарлайды үнің.
Өзіңнен соң сөз сөйлеп, бұл қазаққа
Қалам алу қолына қандай қын?..

Қайда барсам, сөзіңе кезігемін,
Көздеріңнен алмайды көзін елім.
Өлең жазсам, Музаның шырқауынаи
Өзің қарап тұрғандай сезінемін.

**Батыс жаққа қарапсың рухтана,
Күн шығарып ұрпаққа біліп, дана.
Әмірден бұл өтіпсің күніреніп,
Патшаға да бас имей, ұлыққа да...**

**Сезімменен құрады ақыл егес,
Кімге әділет, кімдерге жақын елес.
Ұмытқандар Абайды адам емес,
Ұмытқандар Абайды ақын емес...**

**Сәуле шашқан әр сөзі жақұт па еді,
Сезілетін адамдық уақыт демі.
Сынатын алдында Абайы бар
Менің елім не деген бақытты еді?!**

**Ой көзімен қарайды Абай маған:
«Халің сенің,— дегендей,— қалай, балам?»
Абай мәңгі тұрады Абай болып,
Талай дәуір өтсе де, талай заман.
Абайға мен қараймын, Абай — маған!..**

* * *

Ашылған ақ аспанмен аштым қабақ,
Уақыт көңіл күйін тасқынға орап.
Айтактаң ауласында ырылдатып,
Кейбіреу иттерін жұр қасқыр балап.

Құрсініп тынып іштен тұрам қарап,
Еліктең биік шыңға қырау қабақ.
Қонар деп шың басына қарқылдаған
Карғасын біреулер жұр қыран балап.

Көрмейтін көріп тұрып соқыр үшін,
Өртейді өзегінді өкінішің.
Ал біреу алтындаған торға салып,
Бұлбұл деп саудалап жұр тоты құсын.

Білместі білгендерге билетпеген,
Талғамын танымға түк үйретпеген,
Тамсанып сұлулық деп қол соғады,
Аққуды алмастырып үйрекпенен.

Көңілмен күннің көзін тұманға орап,
Көзіңе бұлк етпестен тұрар қарап.
Бәйгеге қосар біреу жалы бар деп,
Жабыны құс жетпейтін құлан балап.

Осындаш шошынғанда сұмдық істен,
Қақ жарып өтсем деймін жыр қылышпен.
Жалғандық жүргізер өз үстемдігін,
Шыңғырып шыққанда бір шындық іштен...

ҚАРАҒАЙ МЕН ҚАЙЫң

**Бірге өсіп тұр қайың менен қарағай,
Жапырағынан сығалайды қарап ай.
Менсінбеген сыңайменен шалқайып,
Қарағайға қайың қыз тұр қарамай...**

**Ару қайың қарағайдан қашып тұр,
(Араларын табиғаты ашып тұр).
Тамырлары араласып жатқандай,
Табандары қара жерді басып бір.**

**Бірін-бірі алыстатпай тұр бағып,
Жапырактары таңың шығын сырға ғып.
Қарағайға сабактарын тигізбей,
Қайың төсі шайқалғандай бұлданып...**

**Егіз өмір сыр үктырды осындай,
(Қас қағым сәт көрінеді ғасырдай).
Іштей сыңсып іздегендей сыңарын
Әуелеген әуендері қосылмай.**

**Кос ағаштың қызық көріп тірлігін,
Ақ сәулесін құятындаи нұрлы күн.
Осыншама жақын тұрып, тілдесіп,
Тұсінбейтін сияқты олар бір-бірін...**

**Ағыта алмай сағыныш сыр сандығын,
Дарыта алмай ұшады құс ән-жырын.
Қөрсеткен зор қарағайға қарсылық,
Қыз қайыңың аяп тұрмын тағдырын...**

**Қөрші қонған қайың менен қарағай
Өскенменен бір-біріне қарамай,
Ұшар басын түйістіріп тұрғандай
Жапырактары шуылдаған баладай...**

ТАМЫР

«Тамыр» деймін, тамыры бар жыр атын,
Тоғыстырып арман үміт, мұратын,
Кіші-гірім ұқсан шулы вокзалға,
Мен туған үй жол үстінде тұратын...

Сол бір күндер мазалайды түске еніп,
Көктем менен кетті қаша қыс келіп.
Шаршап келіп, аңсан келіп айдыннаң
Қонып бәрі, аттанатын түстеніп.

Кең пейіл сол мінезіне даланың
Ұқсан туған аңқау, ашық баламын.
Қарсы алатын ақ дастарқан жанымен,
Менің анам шытпастан еш қабағын.

Бұрды қаша өмір ағыс арнасын,
Келіп-кетер уақытқа бар ма сын.
Әкемнің бір орыс досы келетін,
Әрең тартып алма толы арбасын.

Жас болсақ та, о, біз қандай сабырлы ек,
Жол беруші ек қонақтарға қадірлеп.
Әкемді іздең Иван, Коля келетін:
«Ассалаумагалейкум, тамыр!»— деп...

Сол бір сөзден жаңыратын бар алаң,
Аққу құстар қанаттарын тарап ақ,
Әкеме айтқан «тамыр» деген сол бір сөз
Кететүғын тамырымды аралап.

Киялымда жүзіп арман, жаңа күн,
Жанарымда жалын оты жанатын.
Сондағы қос тамырлардан таралып
Достық — емен жайды кеңге қанатын.

Түседі еске сонау бала шағым кеп,
Біздер пештің, олар қазан нанын жеп,
Бір-бірінің есімдерін атамай,
Атайдың бірін-бірі «тамыр» деп!

Сол бір сөзді айту қын мактанбай,
Кіршігі жоқ көнілдері ақ тандай.
Жер үстінде тамыр тартқан әкелер
Жер астында тамыр тартып жатқандай...

Болашаққа сыйлап күннің жарығын,
Тіршіліктің татқан бірге бал уын,
Бәйтерегін мәуелетіп достықтың,
Жайыпты олар жүрекке өмір тамырын...

ХАЛЫҚ ӘНІ

**«Ажарың ашық екен атқан тандай,
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай».**

«Гауһартас».

**Талғампаз көңілімнің танығаны,
Даламның дауысындай халық әні.
Таба алмай теңізден бір «Гауһартасты»,
Сарғайып сүйген жүрек сағынады...**

**Көмекке «Ақбақайым» келген жетіп,
Сертіне тұрған сәтте сәулем бекіп.
Кеудемнен аһ дегенде жалын шығар,
Алмасам анда-санда беу-беuletіп!..**

**Ән жоқтай, бір өзіңнен басқа әдемі,
Адассам, халық әні, баста мені.
«Есіме сен тұскенде, беу, қарағым,
Мөлдіреп қара көзге жас келеді».**

**Әнменен ел басына ес кіреді,
Ес кіріп, еркіндіктің есті лебі.
Алауыз замананың қойнауынан
Зар-мұны бабалардың естіледі.**

**Қосылып сағынышқа ішкі үндері,
Қалқаға қанат бітсе ұштым деуі,
Кешегі халық әні — ғашықтардың
Құрсініс, жалын атқан ыстық демі...**

**Сезімнің толқынындай мың бұралған,
(Белгісіз әнін, сөзін кім құраған?)
Айтқанда халық әнін, құлағыма
Келеді шашбау үні сылдыраған...**

**Даламның ескен жібек желі сынды,
Білмеймін бұл жаныма нені ұсынды?
Әуелеп әрбір күйге түсіреді
Бойды алған, әдемі әуен келісімді.**

**Қанатын халық әні жайып өскен,
Шапағы кешкі күндей байып, өшкен.
Сыр сүзіп ырғағынан, жыр оқимын,
Айдындағы ағысына ай ілескен...**

**Аруана «Елім-ай» деп аңырады,
Ағынан «өмір-ау» деп жарылады.
Авторы асыл әннің ұмытылып,
Атанып кетті ме екен халық әні?..**

**Арылып ән жасайды бар күнәдан,
Ән сүйген жоғалтпайды салтын адам.
Армандал, айтқан сайын халық әні
Жас жуған «Гауһартастай» жарқыраған!..**

ҚЫРАН ӨЛІМІ

Өсіп-өнген өмір барда ұран бар,
Ұрандардан ұлы болсаң сыр аңғар.
Шырқау көктеи шырқау шыңға соғылып,
Қыс айында өледі екен қырандар!

Қанатқа іліп шұғыласын әр таңың,
Қыран құстың «жан азасын» тартар шың.
Ызалаңып өледі екен қырандар
Арасында ақпан менен қаңтардың.

Тағдыр қатал, ұша алмайсың еркелеп,
(Еркелеткен күйді мәңгі шертер ек).
Өмірдегі аласа мен биікті
Өлгеннен соң жібереді жер теңеп...

Өлім жайлы тұспей күйрек сезімге,
Қайраттылар қайралған-ау төзімге.
Кетеді екен наизағайлы бұлтты аспан
Қыран құстың көкірегінде, көзінде...

Кімде үміт,
кімде қандай күмән бар,
Күрес жайлы сыр шертеді жыраулар.
Шырқауга бір шыққан кезде бақыттан
Басы айналып құлай ма екен қырандар?!

ҚЫЛЫШТЫ АДАМ

Тағдырымен елімнің туыс далам,
Кабатында ғасырдың тыныстаған,
Түртіп қалсаң, әр сайдан, әр төбеден
Түрегеліп кетердей қылышты адам.

Еңіреген елімнің ері ме еді,
(Тілсіз мылқау мұнартқан төңірегі).
Ел шетінде жау жолын күтіп жатып,
Қалғып кеткен сияқты көрінеді.

Төбелермен төбе бол тыныстаған,
Жылдар жазып арқасын құрыстаған,
Қылышты адам жатқандай туған жердің
Топырағын бір уыс уыстаған...

Әмір сырын әмірден оқып өткен,
Суғарылған жүректің оты кекпен,
Жер қойнында белгісіз батыр жатыр
Қекірегін уақытқа көпір еткен.

Жан емеспін өзіне өзі ғашық,
Сауыт кимей шығады сезім ашық.
Түртіп қалсаң жерімді, қылышты ерлер
Ұран салып шабардай көзін ашып.

Құлады ма жауымен күресіп бір,
Көздеріне құм толған, нұры өшіп бір.
Замандардан қан қатып, тот басқан көп
Алмас қылыш жүзінде гүл өсіп тұр...

Қек аспанды жаңғыртып арман әні,
Арман әні үрпаққа жалғанады.
Қылышты адам, елестер қылышпенен
Қорғап қалған бабамдай кең даланы...

**Солай, балам. Несіне таңданасың,
Енді жердің иесі сен боласың.
Сенің бабаң өлсе де, кеудесімен
Қорғап жатқан сияқты кең даласын.**

**Қылышына қалыпты ұлғіріп бір,
(Деме бүгін тәбемде күн күліп тұр).
Жер-аспанға қашан да бабам менің
Сақтық керек екенін білдіріп тұр!..**

**Тыныштық ап, ғасырлар тыныстаған,
Бабам болып жата бер, тыныш далам.
Жау тиді деп, әйтпесе үйқыдағы
Түрегеліп кетердей қылышты адам.**

**Өз-өзімнен қалтырап, қуыстанам,
Тұрған кезде шақырып пұліш далам.
Мені қорғап жатқандай көрінеді,
Кең далаға айналып қылышты адам.**

**Ақ бесігін тербеткен тыныш далам,
Тыныштықпен мәңгілік тыныстаған.
Қылышты адам үстіне өскен гүлді
Келе жатыр үрпағым уыстаған.**

**Қара жерді қараши күн ыстаған,
Мәңгіліктің қойнында тыныстаған.
Баба-дала үстінде келеді ұлым,
Қылыш емес, қолына гүл үстаған!**

ҚАЙРАУ ЖЫРЫ

**Қаламыңды қолыңа ал, бол, тұр, ақын,
Шағың сенің қырандай шарқ ұратын.
Қиялыңа қанат боп қозғау салар
Ыстық сезім, бойдағы салқын ақыл...**

**Өз сөзіңмен бейнеле ғасырыңды,
Өз көзіңмен бейнеле ғашырыңды.
Жарқылдатып найзагай, жасыныңды,
Көкірегіңнен аш кенді, асылыңды!**

**Хас тұлпарға дүние кен, шын асылға,
Тұрасың ба, екпін бар, құлашыңда.
Уақыт күтпес, тым ұшқыр уақыттың
Жырға қосшы анасы-мынасын да...**

**Дарын болсаң анадан бір туатын,
Кезің келді ширығып, бұлқынатын.
Туған елдің тілі боп, көкейkestі
Сөзін айтып серпіліп, сілкін, ақын!**

**Сөз өледі кезінде сөйлемеген,
Астасады мәңгілік ой мен өлең.
Сиқырлы сөз, қыл қалам құдіретімен
Суретшісің өмірді бейнелеген.**

**Уақыт озар, орнында тұра ма бір,
(Керек емес жаны жоқ, құрама жыр).
Саған қарап тұрғандай мені жаз деп
Сағат сайын гүлденген мынау өмір.**

**Ана сұтпен ақын бол туған едің,
Жүргегіңнің табатын жыр ғана емін.
Саған қарап тұрғандай жазады деп,
Көкейkestі арманын туған елің.**

Әр сөзіңмен сұраққа ел жауап тапсын,
Үміттерден көнілге жаңа от жақсын.
Болашақты болжаған ойың сенің
Қыран болып қияда қанат қақсын.

Бүгіннің жаз шыңғырған бір шындығын,
Бұлт бүркенбей көгінен құлсін күнің.
Уақыттардан кезек ап, болашақтың
Кең сарайын жаңғыртып тұрсын жырың!..

БІР АРМАН

Асулардан қаншама аман өттім,
Уақыт өзі бергендей маған екпін.
Көктемінді тойлауға шақырып бар
Достарымды келеді қонақ еткім.

Құс көңілім қанатын кең жайыпты,
Сағыныштан кең далам сарғайыпты.
Қонақ етсем төріме отырғызып
Алатау мен Атырау, Ақ Жайықты.

Тамашалап елімнің жан байлығын,
Тамашалап жерімнің таңдай гүлін,
Көңілдер мен көңілдің жақындығы
Елетпейді араның шалғайлығын.

Жан сарайын достарсыз мұң қамайды,
(Доссыз өмір білмеймін кімге жайлыш?)
Қонақ етсем деп едім түнгі аспанның
Жұлдызына көрші етіп туған айды.

Жомарттығым жайылып көпке менің,
Шалқытсын бір жалынын отты өлеңім.
Дастаркан ғып даламды жайып тастап,
Шақырсам ба бауырына Көктөбенің?

Ойдан-қырдан бұлдірген жыр теремін,
Шөлдегенде шабыттан бұлт емемін.
АғысЫНАН ақ жүзін аспан көрген
Толқынынан бұлақтың күлкі өремін.

Жан дүниемді тұрғанда билеп өлең,
Кең даласыз сыймайды үйге денем.
Достарыммен ұзартып өмірімді,
Екі ғұмыр кешкендей күйге енер ем.